


Ақтөбе қаласындағы №34 орта мектебі



«Қазақ халқының мәдениетіндегі жылқы бейнесінің насихатталуы»

Бағыты: этномәдениеттану

Орындаған: Қылышова Аягүл Сапарқызы
Ақтөбе қаласы №34 ОМ 5 «Ә» класс оқушысы

Жетекшісі: Еркін Ақерке

2022 жыл

Кіріспе

I тарау. Қазақ және әлем халықтары тарихындағы жылқы бейнесінің архелогиялық және этнологиялық зерттелуі..... 4

1.1. Қазақ жеріндегі археологиялық зерттеудегі жылқы бейнесінің насихатталуы.....4

1.2. Әлем халықтарының мәдениетіндегі жылқының орны7

II тарау. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі жылқы бейнесі.....12

2.1. Көшпенділердің салт –дәстүріндегі жылқы малының орны.....12

2.2. Халық ауыз шығармаларындағы жылқы бейнесінің рөлі.....16

Қорытынды..... 19

Пайдаланған әдебиеттер.....20

Қосымшалар

Кіріспе

Қазақ халқы жылқыны жеті қазынаның бірі санайды. Оны киелі деп есептеп, оған жыл қайыруда жетінші орын береді. Адам жылқыны қолға үйретумен ғана шектелмей, өз қажетіне байланысты іріктеді, сұрыптады. Жалпы іздену жұмысының басты тақырыбы «Қазақ халқының мәдениетіндегі жылқы жануарының насихатталуы» етіп алынды. **Тақырыптың негізгі мақсаты** –қазақ халқының түлік патшасы, түрік елін жылқы патшасы атандырған жануар туралы археологиялық және этнологиялық негіздегі мәліметтерді жинап, мәдениетке ықпалын тигізгені жайында толыққанды зерттеу жұмысын жүргізу.

Қойылған мақсаттарды шешу барысында төмендегідей міндеттер шешіледі:

-жылқының шығу тегі және қолға үйретілу тарихын зерттеу

-археологиялық зерттеулер бойынша жылқы туралы мәліметтер арқылы қазақ халқының төл түлігі екендігін дәлелдеу

-жылқы халықтардың этникалық қалыптасу барысындағы рөлі кезінде көшпелілер дүнетанмындағы орнын айқындау

Тақырыптың өзектілігі –қазақтардың жылқының қыр сырын өздері ғана үйреніп, оның қасиетін біліп ғана қоймай Орта Азия, Шығыс және Батыс Европа елдерінің мәдениетіне өзіндік ықпалын тигізіп, әсер еткендігімен өзекті. Қолға үйретілген жылқы тек шаруашылықта емес, мәдениетке тигізген ықпалы зор. Қазақ жылқы малының болмысындағы басқа түліктерде болмайтын барша қасиетін жақсы танып, терең зердерлеп білген. Қазақ тұмысынан жылқымен жағаласып, жылқымен жарысып өскен. Жер жүзінде жылқының жасын, мінез-құлқын, түр-түсін, қадыр-қайетін, түп тұқиянын өзгеден артық білетін бір жұрт болса ол –қазақ халқы деп айтсақ артық айтпаймыз.

Тақырыптың тарихнамасына тоқтала кетер болсақ. Жылқы тек қана түлік патшасы атанып қоймай өзге халықтардың қазақ халқының түп бабасы болып саналған сақ, ғұн, қаңлы, қыпшық тайпаларының тарихы туралы айтылған еңбектерде жылқы шаруашылықта негізгі болғанын Қ.Р. Аманжоловтың «Түркі халықтарының тарихы» деген еңбегінен көре аламыз. Сондай –ақ тарихшылар алқасынан шыққан Батыс Қазақстан тарихы деген I томында сонау адамзат пайда болған кезеңнен бастап, жылқының алғаш қолға үйретілгенін дәлелдейтін археологиялық айғақтарды оқимыз. Энтограф –тарихшы А.Левшин «Қырғыз –қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» еңбегінде қазақ халқының және көшпенділер үшін жылқы малының орны мен рөлі, әлемдік өркениетке тигізген әсері жайында құнды деректер келтіреді. **Зерттеу нәтижесі:** Егер еңкейген қариядан, еңбектеген балаға дейін ат құлағында ойнап, жылқы өнімдерімен тамақтанса, онда ешқандай дәрігерде керек болмас еді. Себебі, халық медицинасында жылқының өнімдерін емдік қасиетін емшілікке пайдаланып, әртүрлі ауруларға дәру шипа етті. Тай терісіне ораса адамның жел құз ауруынан

айығатынын тапқан да қазақ халқымыз. Тіпті атқа мініп жүру арқылы емделуді ғылым тілінде иппотерапия деп атайды. Жылқының адамға тигізер пайдасын біз шаруашылықта, мәдениетте, әлемдік өркениетке ықпал еткенін зерттеп оқыдық. **Зерттеу жұмысының құрылымы:** ғылыми жоба жұмысы кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен қосымшалардан тұрады.

I тарау. Қазақ және әлем халықтары тарихындағы жылқы бейнесінің археологиялық және этнологиялық зерттелуі

1.1. Қазақ жеріндегі археологиялық зерттеудегі жылқы бейнесінің насихатталуы

Жылқы – адамзат өркениетіндегі әсіресе, дала өркениетіндегі дамудың жарқын да елеулі көрсеткіштерінің бірі деуге болады. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Ежелгі дәуірлерде – ақ қазіргі Қазақстан аумағы жылқының қолға үйретілген мекені болғандығын зерттеу нәтижелері дәлелдейді. Солтүстік Қазақстандағы Энеолит дәуіріне кезеңделетін Ботай мәдениеті, орта қола дәуіріндегі Арқайым ескерткіштері Қазақстанның барлық аймақтарынан кездесетін ескерткіштері ежелгі Қазақстанда жылқыны қолға үйретіп қана қоймай, сол кездегі адамдардың әдет – ғұрыптық рәсімдеріне ерекше рөл атқарғандығы белгілі болып отыр. Мал бағып, жылқы өсірген, өмірінің көп уақыты ат үстінде өтетін көшпелі халықтардың мәдениетінде жылқы малының алатын орны айырықша. Бұрынғы кездерде көшпелі халықтар адамның бұл дүниедегі жан серігі болған аттары оған о дүниеде де қызмет етеді деп сеніп, оларды иесімен бірге жерлейтін болған. Археологиялық қазбаларда табылған осындай аттар қаңқалары мен мұзды тоңда тұтастай сақталған денелері өте ертеден көшпелі халықтарда мініс пен сойысқа арналған табындық қарапайым жылқы тұқымдарымен бірге, жүйріктігімен ерекшеленген асыл тұқымды сәйгүліктерді де өсіргенін дәлелдейді. Археологиялық деректерге сүйенсек, В.Ф.Зайберттің бастауымен Қызылжар қаласының археологтары Ботай қонысын ашып, энеолит дәуіріне жататын ертедегі Ботай жылқы шаруашылығы мәдениетін бөліп көрсетті. [2., 23]

Орал – Ертіс өзендері аралығындағы кең – байтақ аймақтың энеолитті мал шаруашылығы (жылқы өсіру) басым болған көп салалы шаруашылық ретінде сипатталған Ботай мәдениетінің шаруашылық – мәдени үлгісі тұрғысынан қарастырылады. Ботай тұрағы б.з.б. 3-2 мыңжылдықта мерзімделген тұрақта қазба жұмыстары барысында жылқы сүйектері өте көп табылды. Қола дәуірінде мал шаруашылығының дамыған түрі болып, ірі қара мен жылқы өсірілгені анықталды. Қазір Қазақстанда мал шаруашылығы энеолит дәуірінде – ақ өріс алған деп сеніммен айтуға болады. [2., 26]

Бұл ботайлықтардың жылқы малының қолға үйретілгенінің дәлелдейді. Мәселен, Ботай қонысында 70 000 жылқының сүйегі табылды. Қола дәуірінде қой, жылқы түлектерінің көбеюі үй маңындағы бақташылықтан

көшіп –қонып бағу әдісіне әкелді. Жалпы мал шаруашылығының дамуында жылқыны мініске үйретудің, күш –көлік ретінде пайдаланудың орны ерекше болды. [1.,18] Қазақстанның түрлі аумақтарынан табылған ауыздықтар жылқының энеолит, қола заманынан мініске, күш –көлікке пайдаланғанын көрсетеді. Металл ауыздықтың шығуы жылқы малын міну үшін көбірек үйретуге жағдай жасады. С.В.Богдановтың пікірінше, мәдени жаналықтар – көшпелі мал шаруашылығы, металл, жиырылған дәстүр Еуразия даласында Кавказ арқылы таралуы мүмкін.

Археологиялық материалдардан көретініміз б.з.б II мың. ж. ортасынан бастап бақташылық тайпалар доғалақты күймелі арба көлігін кеңінен пайдаланған. Қазақ көшпенділерінің ХҮІІ –ХХ ғ. Басындағы қоныс аударуының этнографиялық мәліметтерін қарастыру бұдан да ерте бақташылық тайпалары –қола ғасырының басындағы Көне шұңқыр мәдениеті жеткізушілері осылайша маусымдық меридиональдық көші –қонды малмен бірге жүріп өтті деген болжам жасауға мүмкіндік береді.[1.,19]

Қола ғасырдағы малшыларда жылқыны құдірет тұту кеңінен тараған. Жоғарыда аталғандай, ерте Қазақстанның жылқы шаруашылықтың ірі орталығы болғандығы аталады. Археологиялық зерттеулер Батыс Қазақстанда және оған көршілес аумақтарда жылқыға байланысты діни нанымдар сонау қолға үйретілген неолит пен энеолит дәуірлерінде қалыптасқандығын дәлелдейді.

Жылқыға табынудың энеолит дәуірінде қалыптасуы мал шаруашылығында жылқының алған орнынан туындаса керек. Жылқыға табынудың археологиялық дәлелдемесі ретінде обалардан жерленген жылқының немесе бас сүйегінің табылуын, өнер ескерткіштерінде жылқының бейнесі салынуынан келтіруге болады.

Сақ тайпалары тарихы мен олардың материалдық және рухани мәдениетінің аса маңызды бастау деректері –қорымдар, жартастағы суреттер сақ бұйымдарының көмбелері. Көшпелі малшы және жауынгер сақтың тұрмысында жылқы үлкен рөл атқарды. Сақ заманындағы жылқының екі тқұымы болды. Тез семіретін және қысқы тебінге әбден төзімді, жатаған тебін жылқысы кең тараған тұқым болды. Олар жабы (берк) тұқымдас далалық қазақ жылқысына ұқсас еді. Сақ жауынгерлері мен ақсүйектерінің қабірлерінен жылқының шоқтығы биік, міністік тұқымы да (Пазырақ, Тасмола) ұшырасады.

Жауға мінетін ең жақсы сәйгүліктерге ерекше күтім қажет болды, оларды көшпелілер айырықша жоғары бағалады, сірә, оған ру –тайпа ақсүйектерінің қолы жететін болса керек. Олар жауынгерлердің жеке меншігінде болады және иесі өлсе, бауыздап, оның жеке заттарымен бірге көмілген. [2.,219] Дах масагеттерді археологиялық зерттеулер нәтижесіндегі мал шаруашылығында негізгі шаруашылық жылқы өсіру болған.

Археологиялық зерттеулері Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан сақтардың аса жарқын, байырғы мәдениетін ашуға мүмкіндік береді. Қола дәуіріндегі андронов мәдениеті қамтығын Орталық Қазақстан жерінде б.з.б

ҮІІ –ҮІІ ғ. Тасмола мәдениетінде тасмолалықтар ғұрпына тән белгі жылқыға табыну болатын. [2.,192]

Сарыарқаның ерте темір дәуірі ескерткіштері Тасмола мәдениетімен белгілі. Ол исседон тайпаларынан қалған. Бұл мәдениеттің алғашқы ескерткіштері Павлодар облысының Екібастұз ауданындағы Тасмола өңірінен табылды. Сондықтан да Орталық Қазақстанның осы ескерткішке ұқсас жерлеу орындары кейін Тасмола мәдениеті деп аталады.

Орталық Қазақстан ескерткіштеріндегі «мұртты» обалар екі жерлеу орнынан тұрады. Арасы бірі бірінен 2-5 метрге қашық жатқан тас пен топырақтан үйілген орташа обалар бір қатарда бірінен кейін бірі тізбектеле орналасты. «Мұртты» обалардың төрт түрі кездеседі. Бірінші түрі –үлкендеу қорғанның шығыс жағынан салынған кішілеу қорған обалар. Кіші қорғанның шығыс жағынан «мұрт» сияқты тас тізбекті кетеді. Екінші түрі –екі қорған оңтүстіктен солтүстікке қарай қатар салынады және екі қорғанның оңтүстік және солтүстік шегінен шығысқа қарай мұрт (доға) сияқты тас құрылыс жүргізіледі. Үшінші түрінде, алдымен бір үлкендеу қорған салынады, соның үстінен тағы бір кіші қорған тұрғызылған. Үлкен қорғанның шығыс жағынан тас «мұрт» жасалады. Төртінші түрі үшіншіге ұқсас, яғни бірінің үстінен бірі салынған екі қорғаннан тұрады. Бұл обалардағы астыңғы қорған мен үстіңгі қорғанның ара жігін қазба барысында ғана анықтауға болады. Обалардың біреуіне адамды, ал екіншісіне мініс атын жерлеген. Өлген адамның аруағына арналып шалынған жылқыны бірге көмген. [2.,192]

Үйсіндер туралы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізгенде үйсін қоғамында байлар өз жылқыларын өзге жылқылардан айыру үшін оларға таңба салған. Сонымен бірге олардың байларында табындарында 500 –ге тарта жылқы болғаны деректерден белгілі. Үйсіндерде жылқының әртүрлі тұқымы болғаны, оның ішінде асыл тұқымды арғымақтар да болған деседі. Үйсіннің Теңлік обасынан табылған алтын қаптырмада шоқтығы биік айғыр мінген салт кісі бейнеленген. [3., 47] Усун (Үйсін) жылқысының бейнесі Персеполь бедеріндегі сақ жылқысына және Сібірден табылған (Перт жинақтары)алтын қаптырмада суреті салынған, жыртқыш аң жұлмап жатқан жылқы бейнесіне көп жағынан ұқсас келеді. Луговое қонысынан табылған жылқы сүйектері 32,7 пайызды құрады. [2.,250.]

Жылқының шаруашылықта кең түрде тарауы қола дәуірінен басталды. Жылқы әбзелдерінің ең көне элементінің бірі осыдан 4-5 мың жыл бұрын адамзаттың ойлап тапқан –металл ауыздықты жүген. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде б.з.д X ғасырларда өмір сүрген тайпалар металл ауыздық пен сулықтың ойлап табуы адамзат өркениетіндегі ең ұлы төңкерістік сипат алған айтулы жетістік болды. Атты ауыздықтап, салт мінуді сақ -скиф, ғұн тағы басқа тайпалар мейілінше жетілдірді. Соған орай мініске ыңғайлы киім –кешектер -өкшелі және тірмелі етік, қаусырмалы шапан (тон), кең шалбар дүниеге келді. Өз заманында ортаазиялық көшпелілердің ойлап тапқан жаңалығы адамзат өркениетінің бірегей жетістігі ретінде өзге отырықшы халықтарға жедел тарап үлгерді.

Түріктер YI –IX ғасырларда мәйіттерді мінген атымен бірге жерлейтін әдет –ғұрпы бар екенін обалардан көрінеді. Ал қимақтардың археологиялық ескерткіштерінде Шығыс Қазақстандағы Ертіс қорымдарынан жерлеу ғұрпының қимақтарға тән белгісі: өлікті атымен не аттың терісімен жеке қою, ағаш табытқа салып, атымен бірге не аттың ер –тұрманымен бірге жерлеу сияқты әдет –ғұрыптар сақталғаны байқалады. Жерлеу ғұрыптарының әртүрлі болып келуі қимақ тайпалары одағының да қырық рудан құралғанын аңғартады. [3.,99]

1.2. Әлем халықтарының мәдениетіндегі жылқының орны

Әлем халықтарының мәдениетіндегі жылқы орны қандай десек, біріншіден, жылқының қолға үйретілуі адамзат тарихында теңдесі жоқ оқиға болды. Екіншіден, жылқы халықтардың тотемдік және этникалық халық болып қалыптасуында үлкен маңызға ие. Орта Азияда ежелден бері жылқының үш түрлі тұқымы болғанын анықтады: тауда жүруге ыңғайлы Тапал жылқы, ұзақ жүруге ыңғайлы шыдамды Қазанат және қазіргі ахалтеке жылқысыныңарғы тегі саналатын жүйрік жылқы (Тұлпар). Көшпелілер ұшқыр тұлпарларды да қадірлеген, оларды қос –қостан жегіп алып, сары далада сағымшы жүйткіген. Жаратастағы салынған суреттерде байырғы тайпалардың дүниетанымдық өресін, шаруашылық қарекеттерін (аң аулау, баққан мал тұқымдыр), ең бастысы көлік, жегін құралдары (екі доғалақты арбалары) туралы мәліметтер сақталған.

Тарихи деректерге сүйенсек, ғұндардың өмір –тіршілігінде мал өсіру, әсіресе жылқы өсіру басты рөл атқарды. Жылқы болмаса, көшпелі мал шаруашылығыныңөзі өмір сүре алмас еді. Әскери жортуыл –жорықтарда ат әскердің өзін ғана алып жүрмей, оларды аспен қастамасыз етіп отырған. Ғұндардың аттарының көпшілігінің шоқтығы аласа, жатаған, дене бітімі тығыз да дөрекілеу, басы үлкен болып келеді. Олар жүріске төзімді, жалауыт тауқыраттарына емін еркін шығып, өзен –сулардан қиналмай өте беретін болған. «Тау жоталарына шығып, олардан түсерде, тау өзендерінен көктей өтіп, олардан шығарда Кіндік патшалықтың аттары сюннулар аттарына ілісе алмай қалады» -деп жазған қытай бекзаты Час Ко. [3., 53]

Ғалымдар киелі жануарлардың ғылыми тілде зоолатрия деп аталатынын баяндайды. Бұл гректің «zoon» - жануар «latreia» - құрмет тұту, табыну деген сөздерінен шыққан көрінеді. Ежелгі заманда адамдар өздері аулайтын аңдардың кейбірін киелі деп ұғып, оның суретін өздері тұратын үңгірлердің ішіне, тастарға қашап салды. Осы орайда Мағжан Қарамендина «Қазақ тарихы» журналының 2006 жылғы үшінші санындағы «Үшкіл таңбаның мәні» деген мақаласында былай деп жазады: «Ерте заманда дүниені құраушы барлық тектерді бес топқа бөлген, олардың әрқайсынан геометриялық бейне алынған. Сол бес топқа дәл келетін бес түрлі тұзу көпжақты бейнелер бар. Әр нәрсенің пірі, киесі, тегі бар десек, олардың бейнесін әрі негізгі көрінісін аталған көпжақтардан іздеп табуға және

зерделеп тануға болады. Октаэдр – сегіз жақ – жел – жылқы – (тұлпар) - (жылқышы ата) – Қамбар. [14.,19]

Қола ғасырдағы малшыларда жылқыны құдірет тұту кеңінен тараған. Жоғарыда аталғандай, ерте Қазақстанның жылқы шаруашылықтың ірі орталығы болғандығы аталады. Археологиялық зерттеулер Батыс Қазақстанда және оған көршілес аумақтарда жылқыға байланысты діни нанымдар сонау қолға үйретілген неолит пен энеолит дәуірлерінде қалыптасқандығын дәлелдейді. Жылқыға табынудың энеолит дәуірінде қалыптасуы мал шаруашылығында жылқының алған орнынан туындаса керек. Жылқыға табынудың археологиялық дәлелдемесі ретінде обалардан жерленген жылқының немесе бас сүйегінің табылуын, өнер ескерткіштерінде жылқының бейнесі салынуынан келтіруге болады.

Қола дәуіріндегі андронов мәдениеті қамтығын Орталық Қазақстан жерінде б.з.б YII –YI ғ. Тасмола мәдениетінде тасмолалықтар ғұрпына тән белгі жылқыға табыну болатын. [2.,192]

Бұл мәдениет обалар құрылысының бір ерекшелігі –олардың кейбіреулерінде тас жалы, яғни шарты тілмен айтсақ «мұртты» болады. [3.,33] Тасмола мәдениетінің төрт үлгідегі обаларында адам мен жылқының қатарласып жерленуін кездестіреміз. «Мұртты» обалардың архитектуралық кешені қола дәуірі тайпаларының табынушылық құрылыс өнерінің дәстүрлерін айқын бейнелейді. Аттың терісі мен басын жерлеу ғұрпының айырмашылығы –тасты тізбектер бар обалардан өлген адамның аяқ жағына көмілген жылқы қаңқасы табылды. Сірә, атын құрбандыққа шылынатын бұл ғұрып күнге табынушылыққа байланысты болса керек. Өлікке жылқы малын арнау және атты күн құдайға құрбандыққа шалу ғұрыптары көбінесе діни ұғымдардың негізі ретінде Орталық Қазақстанның ежелгі малшылары арасында кең тараған. [2.,197] Герадоттың масагеттер туралы суреттемесінде: құдайлар мен күнге ғана табынып, оған құрбандыққа жылқы шалды. Мұның мәнісі –құдайлардың(ға) ең жүйрік жануар шалады дегенге саяды. . [9.,113-114] Тағы бір дерек келтіре кетсек, Страбон сақтар мен масагаттер туралы: «Каспий теңізінің арғы жағында тұратындар –сақтар мен масагаттер» деп аталған. «Масагаттер тек күнді ғана құдай санады, оған құрбандыққа жылқы шалды» деп баяндайды. [4.,19]

Үнді мифологиясында бұл рәсім «ашмаведха» деп аталады. Бұл Ригведада сурттелген. Бұл құрбандыққа шалудың мәні патшаның жоғарғы атаққа иеболуын қамтамасыз ететіндігінен көрінеді. Ашвамедхидің нәтижесінде патша қайта дүниеге келіп, байлыққа кенеліп, мәңгілік жасайтын болады.

Ертедегі дәуірде жылқы күннің, аспанның, найзағайдың құдайларының және өнімділік құдайы егіз ашвиндердің белгісі болған.

Жылқы патшаны таңдау кезінде маңызды рөл атқарды, құдайлардың жаршысы ретінде көрінді. Үндіеурапалықтардың барлығында ақ жылқылар құдайлар мен патшаларға арналады, қарапайым адамдар қасиетті жылқылармен жүре алмады.

Жылқы патшамен ерекше рәсімдік байланысы барлық үндіеурапалық халықтарда патшаны жерлеудегі жылқының рөлімен түсіндіріледі. Патшаны жерленген кезде оның құрметіне құрбандық шалынған. Мұндай құрбандық Индияда патша мен кшатрийлерді жерленгенде шалынды. Ригведаның арнаулы әнұраны жылқыны жерлеуге арналған, ал ол өз кезегінде өлген адамның мүрдесін үшінші аспанға –мәңгілік жайылым мен Яма мен Варунаның қонысына ала жөнеледі. Ақ жылқыны құрбандыққа шалу басқа халықтардың белгілі адамдарын жөнелткенде де жүзеге асады. Бұл рәсімдердегі жылқының рөлі оның тірілердің әлемі мен ата –бабалардың о дүниелік қонысының арасындағы делдалдығын көрсетеді.

Көптеген түркі халықтарында да жылқы бірінші орында. Түркі халықтарында да үндіеуропалықтар сияқты ерте дәуірлерден бері билеуші мен ақ жылқының байланысы туралы түсінік тараған. Осылайша, ақ жылқы түрік сұлтанының қасиетті мүлкі саналған. Сонымен қатар, жылқының құйрығы туға штандарт есебінде қолданылған. Лауазымана байланысты билеуші бес, жеті немесе тоғыз құйрықты иеленуі мүмкін, бұл сарай алдындағы сарайда ілінеді және жорыққа шыққанда әскердің алдында алып жүреді.

Жылқы түріктің белгілі адамдарын жерлегенде үлкен рөл атқарады. Бұл рәсімнің ертедегі суреттемесін қытайлық саяхатшылар берген және мұны Иакинф Бичурин де келтіреді: жылқыны ухцань және тюрок –тугю бірге өртеген. [6.,153] X ғасырда араб тарихшысы Ибн Фадлан Шалқар көлінің маңында оғыздар байлығына байланысты жүз, екі жүз немесе бір ғана жылқы сойған. Олар етін жеп, басын, аяқтарын, құйрықтарын, терісін қалдырған. Терісін жайып қойып, мұнымен өлген адамды орап, өлген адам жұмаққа барады деген.

Жылқыға табынудың сарқыншақтары Батыс Қазақстанда сақталған. Бұл туралы С.Е.Әжіғалидің зерттеулерінде сөз болады, оның ойынша ата –бабаның жылқының құрметтеуінің көрінісі аймақ қазақтарының зираттындағы ескерткіштер –құлыптас болып табылады. Бұл зират басындағы ескерткіштердің генезисін ол ертедегі және орта ғасырлардағы көшпенді халықтардың жылқымен шұғылданумен байланыстырады. [10.,410-447]

Жылқыны ерекше қасиетті тұтып, пір ретінде санайтын бұл –арабтар. Жылқы десе, арабтар «ішкен асын жерге қояды». Олар жылқыны ерекше құрметтеп, мейірлене баптап күтеді. Арабтарда тіпті жылқының дүниеге келуі туралы мынадай аңыз айтады. Тәңірім (құдай) жылқыны жаратқанда: «Саған бірде –бір жануар теңдесе алмайды, жер қойынауындағы байлықтың барлығы сенің көзінің қарасынан мүлт кетпек емес. Сен менің жануарымды таптап, достарымды таситын боласың. Саған мініп, маған дұға баштайды. Жер бетінде сенен бақытты жануар болмайды, жер үстіндегі сүйіспенділік үстемдігі сенде болады. Сондықтан сені басқа тіршілік иелеріне ерекше құрметке бөлейді. Сен қанатсыз ұшып, қылышсыз тіліп өте алатын боласың...» деп дәріптеген екен деседі арабтар.

Римнің Калигула деген императоры өзінің сәйгүлігін қастер тұтқан сондай – сенаттың мүшесі етіп қойыпты. Үстіне сенатор мантиясын киген сәйгүлік Рим патрицияларымен бірге жаңа заңдарды талқылап отырады екен

Ұлы Жібек жолының өмір сүруімен «әлемнің төрт патшалығы» деген ұғым пайда болды. Соның ішінде Византия –құнды байлықтар патшалығы, Қытай –адам патшалығы, Үндістан –пілдер патшалығы болса, Түрік қағанаты –жылқы патшалығы деп аталды. [8.,46]

Адамзат тарихында, әсіресе Орта Азияның «салт атты көшпенділері» үшін жылқы ерекше прогресс элементі ретінде жүрді:жылқыны әуелі көлікке, кейін жегуге пайданылуы, әсіресе, салт мінуді меңгеруі олардың жағрафиялық танымын, әскери –саяси және мәдени байланысын арттырды, шаруашылық қарым –қатынастардың дамуына тың серпін берді. Адамзаттың тарихына көз жіберсек, әр түрлі тарихи кезеңдерде жылқы үйір –үйірімен өсіріліп қана қоймай, халықтың материалдық иелігіне қызмет етті. Қоғамның дамуын алға сүйрей отырып, адамдардың дүниетанымы мен мәдени деңгейін көтерді, сол арқылы өркениетті біртіндеп жаңа деңгейге көтерді. Жылқы, сонымен бірге әскери –қорғаныс, ойын –сауық саласында жетекші маңызға ие болды. Ежелгі халықтардың өмір салтын зерттеулерде археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жылқы малын сонау ежелден бастап қадір тұтқаны айқын. Ежелгі сақтар мен ғұндар Хинган тауларынан Дунай өзеніне дейінгі кең байтақ аймақта үйір –үйір жылқы өсіріп, жылқыны мемлекеттілік пен қорғаныстың, өнер мен мәдениеттің, шаруашылық пен спорттың өресі биік деңгейіне жеткізген. Олардың балалары мен әйелдеріне дейін ат үстінде соғысу тәсілдерін кезінен жетік меңгеріп, өзге жұрттың зәресін ұшырған. Сондай –ақ қытай тарихшысы Сыма Цянь ғұндарды суреттей келіп: «Батыстағы суннулар аты әскері –ақ аттарға, ал шығыс беттегілер –тұмсығындағы ақ дағы бар сұр аттарға, солтүстіктегілер –қара тұмсықтыларға, ал оңтүстік жақтағылар –жирен аттыларға мінген» -деп баяндайды. [4.,50] И.Х. Дворецкийдің пікірінше, жергілікті халықтың аудармасы аргиппейлар деген сөз, ертедегі гректерше «арғымақ», «тұлпар» дегенді білдіреді деп деректерінде келтірді. [2.,247]

Халқымыздың бойындағы осы алтын қасиеттерін көрсетуде өткен ғасырдың зерттеушісі этнограф –тарихшы А.Левшиннің еңбегі ерекше атап көрсетуге болады. Қазақтардың салт –сансын, дінін, әдет –ғұрыпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп: «Бала күнінде ат құлағында ойнау қазақтың тұңғыш гимнастикалық жаттығуындай. Олар ат үстінде туып, ең асау, адуында аттың өзін де шебер ауыздықтайды» деп суреттеп баяндайды. [10.,165] Түркі халықтарының этникалық қалыптасу үрдісінде жылқы малының үлкен маңызға ие. Соның салдары деп айтуға болатындай мына бір жалпыға мәлім дерек соның дәлеліндей. Небір қанқұйлы жорықтарының соң Еуропада, Кіші Азияда, Жертора теңізінің аймағында, Мысырда атпен бірге жаратылған адам басты, жалқы тұлғалы –кентаврлар туралы аңыз таралғандығы жалпыға мәлім. Сақтардың аң стиліндегі кентаврдың екінші түрі байырғы түріктердің мәтін қашап қалдырған ұстындардың басқы жағына ойып ойма жасап қалдырған. Қазірде әлемде екі

жүз елуге жуық жылқы тұқымы бар. Соның ішінде тоқталып өтуге тұрарлық тұқымдар. Ахалтеке тұқымы. Әр дәуірдің әр кезеңінде, кез келген ұлттың өз алдына сүйікті жылқы тұқымдары болған. Бірақ олардың бәрі бірдей уақыт сының көтере алмады. Көбісі жер бетінен мүлде жоғалып кетті. Алайда, Ахалтеке тұқымына өзгеше тағдыр бұйырыпты. Бұл жылқы тұқымы түркмен халқының қазынасына жатады. Тіпті, ең ежелгі жылқы тұқымдастараның санатында. Шамамен алатын болсақ, б.ғ.д. III-IV ғасырларда пайда болған. Ахалтеке жылқылары шапшаңдық жағынан дес бермейді. 1935 жыдары түрікмен салт аттылары Ашхабат пен Мәскеу арасындағы 4 мың 300 км-ді еңсеріп өткен. Бар-жоғы 84 күнде желіп отырып, ең қиын өткел болып саналған Қаракұмды 3 күнде басып өткен.

Жәуміт тұқымы. Түркіменстанның оңтүстік бөлігінде пайда болған, ең ежелгі тұқым. Ахалтеке тұқымына қарағанда жәуміт тұқымы қайырымды. Бастары дәу, мойындары төмен, аяқ қолы мығым келеді. Жүрісі аса жайлы. Қиындықты талғамай-ақ, кез келген ауа райына төтеп береді. Олар Ашхабад-Мәскеу аралығындағы жарыста 800 шақырым жерді 7 күнде тәмәмдап отырған.

Қарабайыр тұқымы. Орталық Азиядағы ежелгі тұқым. Отаны - Өзбекстан. Әдебиет зертеушілерінің айтуынша, Өзбекстан бір кездері «даван арғымақтарымен» алыс шалғайларға танымал болған. «Қарабайыр» сөзінің мағынасы «қолда туып өскен» дегенді білдіреді. Екіншілердің пікірінше - "жүк артылатын көлік", үшіншілер - "қарабайыр" - "араб жылқыларының буданы" дейді. Қарабайыр жылқыларының болмыс бітімі бөлекше. Бас бөлігі төмен, қысқа мойынды, өнегелі жылқылар қатарынан. Арбаға жегуде таптырмас көлік ретінде саналады. Араб тұқымы. Бұл тұқым үлкен атақтарға ие. Жаратылу табиғатының өзі мифтермен араласып жатады. Кезінде еуропалықтар бір араб жылқысының құнының өзін өте жоғары бағалаған. Жер шарының кез келген елі жылқы шаруашылығында араб жылқысын қажет қылған. Ол таза қанды ағылшын, американ, венгер жылқыларының пайда болуында біршама үлес атқарған.

Араб жылқыларын біздің елде де жоғары бағалайды. Париж көрмелерінде араб жылқылары ең таңдаулылар қатарында есептелген. "Таза қанды" салт атты тұқымы. Бұл тұқымның жылқылары жүйріктік тұрғысында ешкімге дес бермейді. Сол үшін де бұл тұқымның жылқылары алтыннан да қымбат келеді. Аталған тұқым ХVII ғасырда Англияда пайда болған. Басқа да тұқымдардың пайда болуына үлкен ықпал жасады: Германияда - тракенен, мекленбург, ганновер, Венгрияда - фуриозо, нордстрад, нониус, АҚШ-та - салт атты, Польшада - поляк, КСРО да - Қостанай тұқымдары. Салт атты тұқымның бойлары ұзын болады. Қозғауыш күштері аса жоғары. Өте қуатты, сезімтал саналады. Кей кезде еркеліктері шектен шығады екен. КСРО-ның, Қазақстанның, Грузияның, Өзбекстанның ат зауыттарынан табылады. Дон тұқымы. Дон өзенінің жанындағы аудан орталығында пайда болған. Бастау тарихы осы маңға XV-XVI ғасырларда казактардың қоныс аударуынан басталады. Казак шаруалары Россияның оңтүстік бөлігін қорғайтын болғандықтан, салт атты тұқымға зәру болатын. Соғыс

алаңындағы шешуші жеңіске аттың да қатысы барын казактар жақсы білетін. Сол себепті де олар бар жігерлерімен жақсы тұқымдар шығаруға талпынды. Дон тұқымы өте қатаң ережелерге де құлақ асады. Олар жаздың аптабында да, қыстың суығында да төзімділік көрсете алады. Тамақтану жағынан қолайсыздық алып келмейді. Буденный тұқымы. Кеңестік мамандардың арқасында 1921-1948 жылы Ростов облысындағы дүниеге келді. Сол кездерде жетекшілік еткен КСРО-ның маршалы С. М. Буденный болатын. Дон жылқысы мен салт жүрісті жылқыларымен будандасуының арқасында, бұл тұқым бірден көзге түсті. Осы еңбегі үшін Буденный бастаған ең бірінші Атты әскерлерлер құрмет ордендерімен марапатталды. Аталған тұқым кез келген қашықтықта жақсы көрсеткіштерге жеткен. Олар - ұзын денелі, омыраулы, сүйекті, шапшаң болып келеді. Және төзімділіктерінде шек жоқ. 1946 жылы Сальск-Ростовтан Донға дейінгі қашықтықты 18 сағат 25 минутта басып өткен.

Украинаның ұлттық тұқымы. Соғысқа дейінгі жылдар орыстың салт атты тұқымдары жақсы тасымалданған. Біраз бөлігі фашистер құртып жіберген. Сол үшін де салт атты тұқымның жаңа үлгісі жасалуға тиісті еді. Және ол ұзақ күттірмеді. Украина, Александрвск зауыттары осы тұқымды ойлап тапты. Бұл жылқылардың бойлары, мығым денелері, әдемі де еркін жүрістері, түр-түстері адам қызығушылығын тудырады сөзсіз.

Қазақ тұқымы. Жазиралы даланың бойындағы қазақ жылқылары аласа болып жайлып жүргенмен, шабыс жағынан келгенде ешкімнен кем түспейтін. Олар күніне үзіліссіз 70 шақырымды емін-еркін еңсеріп отырады. Ашық аспан астында, кез келген температурада көнбістік көрсетеді. Әрі шөп талғау дегенді білмейді де. Бұған қоса, жергілікті тұрғындар арасында ұлттық ат жарыстарында табандары қызады. Қазақ жылқылары сүт өнімін көп береді.

Қазақ жылқысы бірнеше түрге бөлінеді. Соның бірі - Адай жылқысы. Адай жылқысы түрікменнің текежәуміт арғымағымен будандасқан делінеді. Ертеде түрікменнің «теке» руы «жәуміт» руына қарсы соғысқанда, өздеріне болысқаны үшін текелер адайларға бір сұлу қыз бен жүйрік ат берсе керек. «Қыз жақсысы мен ат жақсысы теке түрікменде» деген сөз сонан қалса керекті. Қостанай тұқымы. Жергілікті қазақ жылқыларының дон, орлов, т.б. тұқымдарымен будандасу арқылы, Челябин мен Қостанай облыстарында дүниеге келген. Қостанай жылқылары қандай жағдай болмасын алғыр, еңбекте төзімді болып келеді. [9.,214]

Алтай тұқымы. Осы өлкенің ең атақты тумасы болып саналады. Олар аласа болғанмен, ат үсті жүрісінде, таулы өлкелерді саяхаттауда ерекше көзге түседі. Тұрқылары мығым, салмақты, ширақ болып келеді. Сол үшін де үйірге жиі қосылып тұрады. Әлем халықтарының жылқыларды бірнеше топқа сұрыптап қарайтыныны жоғарыда аталып кетті. Жылқы көне түрік тілінде –йонд, сары ұйғырларша –йот, ұйғырша –ат, телеуітше –ат, алтайлықтарша –ат, ноғайша, түркіменше және ставраполь түркімендерінше –жылқы деп кездеседі. [11.,270]

II тарау. Қазақ халқының рухани мәдениетіндегі жылқы бейнесі

2.1. Көшпенділердің салт –дәстүріндегі жылқы малының орны

Көшпелі шаруашылықта жылқы өсірудің ерекше маңызы болды. Мал бағып, жылқы өсірген, өмірінің көп уақыт ат үстінде өтетін көшпелі халықтардың мәдениетінде жылқы малының алатын орны айырықша. Бұрынғы кездерде көшпелі халықтар адамның бұл дүниедегі жан серігі болған аттары оған о дүниедеде қызмет етеді деп сеніп, оларды иесімен бірге жерлейтін болған. Археологиялық қазбалардан табылған көшпелі халықтардың мініс пен сойысқа арналған табындық қарапайым жылқы тұқымдарымен бірге, жүйріктілігімен ерекшеленген асыл тұқымды сәйгүліктерде өсіргенін куәлейді. Бұл сәйгүліктерді әрине әулетті адамдар, ру басылар, батырлар ұстады. Олардың ер –тұрмандары сәнді жасалып, түрлі символдық бейнелермен әсемделді.

Адамзат тарихында, әсіресе Орта Азияның «салт атты көшпенділері» үшін жылқы ерекше прогресс элементі ретінде жүрді: жылқыны әуелі көлікке, кейін жегуге пайдалануы, әсіресе, салт мінуді меңгеруі олардың жағрафиялық танымын, әскери –саяси және мәдени байланысын арттырды, шаруашылық қарым –қатынастардың дамуына тың серпін берді. Адамзаттың тарихына көз жіберсек, әр түрлі тарихи кезеңдерде жылқы үйір –үйірімен өсіріліп қана қоймай, халықтың материалдық игілігіне қызмет етті, қоғамның дамуын алға сүйреді. Адамдардың дүниетанымы мен мәдени деңгейін көтерді, сол арқылы өркениетті бірітіңдеп жаңа деңгейге көтерді. Жылқы, сонымен бірге әскери –қорғаныс, ойын сауық саласында жетекші маңызға ие болды.

Қалай болғанда да, жылқыға салт мінуді төл өнерге айналдырып, оны әскери әдіс –тәсілдермен шебер ұштастыра білген көшпелілер өз заманының ең қуатты мемлекеттерінің қатарынан ойып тұрып орын алған. Сондықтан болар, олар өздерінің жаңа жерлерін жаулап алуына, тіршілікке қажетті байлықтар мен игіліктерге кенелуіне бірден бір мұрындық болған жылқы түлігін аса қатты құрметеді. «Олар аттарын да мыстан кеудені жауып тұратын сауыт кигізді», -деп жазды Геродот, –ал жүгендерін, шылбырын алтынмен әшекелейді» [3.,258] Америкалық алтайтанушы Денис Синордың пікіріне құлақ ассақ, метал үзеңгі Ішкі Азия көшпелілерде пайда болған. Алайда, оған дейін көшпелілер ағаштан, теріден, сүйектен үзеңгі жасап пайдалануы әбден мүмкін. Олай дейтін себебіміз, археологиялық қазбалар барысында жоғарыда аталған материалдардан жасалған үзеңгі кездеспей отыр. Бізге жеткен ең көне телінетін метал үзеңгі Корей түбегінен табылған. Жасы б.з. ІҮ –Ү ғасырлардан жеткен. Дегенмен, ғұн, сак тайпалары да осыдан көп кешікпейметалдан үзеңгі жасауды үйренген. Солайша, ондай үзеңгілер түркі тілді аварлар арқылы Византиялықтарға жетіп, одан әрі арабтарға жеткен.

Қазақ халқы жылқыны спорттық ойын –сауықтарда азаматтың мерейін асыратын, сал –серілік пен сәнділіктің шырайын келтіретін текті жануар деп есептеген. Мәселен, жылқы қазақтың ұлттық ойыны –аламан бәйге, бәйге, жорға жарыс, көкпар, аударыспақ, ат омырауластыру, жамбы ату, қыз қуу, салма ілу, теңге ілу сияқты салт –дәстүріндегі жылқының орны ерекше.

Ежелгі сақтар мен ғұндар Хинган тауларынан Дунай өзеніне дейінгі кең байтақ аймақта үйір –үйір жылқы өсіріп, жылқыны мемлекеттілік пен қорғаныстың, өнер мен мәдениеттің, шаруашылық пен спорттың өресі биік деңгейіне жеткізген. Олардың балалары мен әйелдеріне дейін ат үстінде соғысу тәсілдерін кезінен жетік меңгеріп, өзге жұрттың зәресін ұшырған. Халқымыздың бойындағы осы алтын қасиеттерін көрсетуде өткен ғасырдың зерттеушісі этнограф –тарихшы А.Левшиннің еңбегі ерекше атап көрсетуге болады. Қазақтардың салт –сансын, дінін, әдет –ғұрыпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп: «Бала күнінде ат құлағында ойнау қазақтың тұңғыш гимнастикалық жаттығуындай. Олар ат үстінде туып, ең асау, адуында аттың өзін де шебер ауыздықтайды» деп суреттеп баяндайды. [10.,165] Түркі халықтарының этникалық қалыптасу үрдісінде жылқы малының үлкен маңызға ие.Соның салдары деп айтуға болатындай мына бір жалпыға мәлім дерек соның дәлеліндей. Небір қанқұйлы жорықтарының соң Еуропада, Кіші Азияда, Жертора теңізінің аймағында, Мысырда атпен бірге жаратылған адам басты, жалқы тұлғалы –кентаврлар туралы аңыз таралғандығы жалпыға мәлім. Сақтардың аң стиліндегі кентаврдың екінші түрі байырғы түріктердің мәтін қашап қалдырған ұстындардың басқы жағына ойып ойма жасап қалдырған. Оған Күлтегін, Білге қаған, Ордабалық ұстындарының бас жағындағы рельефтер куә. Қалай болғанда да, жылқыға салт мінуді төл өнерге айналдырып, оны әскери әдіс –тәсілдермен шебер ұштастыра білген көшпелілер өз заманның ең қуатты мемлекеттерінің қатарынан ойып тұрып орын алды. Сондықтан болар, олар өздерінің жаңа жерлерді жаулап алуына, тіршілікке қажетті байлықтар мен игіліктерге кенелуіне бірден бір мұрындық болған жылқы түлігін аса қатты құрметтеп, жан серігі санаған. Қазақтар жылқыны ұрып –соғу былай тұсын, киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпейді. Бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды деген сенім бар. Сүрінген атты да ұрмайды. Сайтан аттың көшін басып тұрса, қашып кетсін деп, көзін оң қолымен сүртіп, тазалайды. Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды.Жапанда жалғыз келе жатқан жолаушыны қолдап, жебейтін Қызыр пайғамбар аттың сауырында отырады деп жорылады. Көшпенді халықтың өмірінде жылқының маңызы зор болғандықтан, жылқыға байланысты салт –дәстүрлері мен ырым –тыйымдар өте көп.

Қазақтардың ата тегі болып саналатын, үйсін, ғұн, сақ-скиф тайпаларының бейнелеу өнерінде осындай аттар бейнесі кездесіп отырады. Мысалы, Қарғалыда табылған, көне үйсін заманына жататын (б.з. дейінгі II-I ғасырлар) алтын диадемада осындай қанатты екі аттың бейнесі бар (1-сурет, 1,2). Олар диадеманың жоғарғы бөлігінің оң және сол жағында, басқа бейнелерден биіктеу, жоғары орналастырылған. Олардың денесінің алдыңғы

жағында құстардікіндей қос қанаттары бар (1-сурет, 3,4). Сібірде дәл осындай алтыннан жасалған, уақыты жағынан VI ғасырға жататын, қанатты екі аттың жеке бейнелері де табылды (2-сурет, 1,2). Бұл екі аттың бейнелерінің бірдей болып жасалуы, позаларының, қимылдарының ұқсастығы, бір-бірін симметриялы түрде қайталауы, олардың бір шебердің қолынан шыққанын, бұл бейнелер де Қарғалы диадемасындағы қанатты аттар сияқты, бір заттың екі жағында орналасқан бөліктер екенін дәлелдейді. Басқа көркемдік стильде орындалғанмен аттардың қанаттарының бейнеленуі, бұл қанаттардың аттың денесінде орналасу орыны бірдей. Қанаттар аттың кеудесіне жақын, иық тұсында, алдыңғы аяғының қолтығының астына кіре орналасқан, кеудеден артқа қарай көлбеу бағыттталып, қанаттың ұштары алға қарай сәл дөңгелене қайырылған. Көне ғұндардың өнер туындылары саналатын, Ордоста табылған қола заттардың ішіндегі төртбұрышты белдік қапсырмасында (I-II ғасырлар), көне көшпелілердің «хайуанаттар стиліндегі» өнеріне тән әдіспен бұралтып салынған, симметриялы орналасқан, екі жатқан қанатты аттар суреттері бейнеленген. Олардың да алдыңғы аяғының тұсында, ұшы алға қарай дөңгелене қайырылған қанаттары бар (2- сурет, 3). Мұнда да бір заттың бетінде аттардың симметриялы түрде бейнеленуі, олардың қанаттарының формасы, оның аттың денесінде орналасуы жоғарыда айтылған өнер ескерткіштеріндегі аттардың бейнесімен бірдей. Бұл үшін қапсырмадағы аттардың түрегеп тұрған бейнесін көз алдымызға келтірсек, ол ұқсастықты анық байқауға болады. Бірінде тұрған күйінде, бірінде жатқан күйінде болып, әртүрлі көркемдік әдіспен, түрліше бейнеленгенмен аттардың сыртқы пішіндері бір-бірін тура қайталайды. Қола қапсырмадағы аттардай бұратылып салынған, солай жатқан қанатты ат бейнесі сақтардың өнерінде де бар. Тувадағы сақ заманына жататын (б.з. дейінгі V-IV ғғ.) Сағлы-бажи обасынан табылған мүйіз тақташада ойылып салынған, жатқан екі қанатты аттардың бейнелері дәл осындай, тек олар екі жаққа емес, бір жаққа қаратылып салынған (2-сурет, 4). Ұлы даланың батысын мекен еткен, сақтармен туыстас, мәдениеті ортақ скифтердің өнерінде де қанатты аттар бейнелері кездеседі. Мифтік қанатты аттың бейнесін Уляб хуторының маңындағы скифтер обасынан табылған алтын ритонның (мүйіз формалы ыдыстың) ұшында (б.з. дейінгі V-III ғғ.) (3-сурет, 1), Күл-обада табылған төрт бұрышты алтын әшекейде (б.з. дейінгі IV ғ.) (3-сурет, 3), Чертомлыктағы обада табылған күміс құмырада (б.з. дейінгі IV ғ.) көреміз (3-сурет, 2). Бұл аттардың бейнелері де сақ-үйсін-ғұндардың өнеріндегі қанатты аттардың бейнесімен бірдей, тек сол кездегі грек өнерінің ықпалы көп болған скиф өнерінде аттардың қанаттарының ұштары артқа қарай тікбұрыштана қайырылған. Бірақ аттың дене бітіміне қарасақ, үлкен басы, қысқа жуан мойыны, қысқа аяқтары, қысқа да тығыз жалы, жуан тұяқтары олардың көшпелілерге тән далалық жылқы тұқымы екенін көрсетеді. Суреттердегі шарттылық пен суретшінің жеке шеберлігіндегі айырмашылық болмаса, көркемдік бейне ретінде бәрі де бір-біріне өте ұқсас. Аттардың қанаттарына ұшқырлығымен ерекшеленетін сұңқар тектес қыран құстардың (сұңқар, лашын т.б.) сүйір қанаттары алынған.

Бұл айтылғандар қанатты тұлпар – көшпелі халықтардың мифологиясында үш мың жылдай бұрын қалыптасқан, аспан дүниесін мекен ететін, адамдардың, мифтік қаһармандардың көмекші рухы түрінде түсінілген көне мифтік бейне екенін дәлелдейді. Көшпелі халықтарда оларға қатысты көптеген түрлі наным – сенімдер пайда болы. Киелі мифтік бейне ретінде қанатты ат суреті көне замандарда заттың бетіне, киім әшекейлеріне салынды. Оның тұрақты сипаты, ішкі мағынасы сол ерте замандарда қалыптасып, қазақтардың дәстүрлі дүние танымында ХХ ғасырға дейін сақталып жетті. Сондықтан қазақ ертегілеріндегі қанатты тұлпарлар туралы түсінік біздерге көне көшпелілердің көне өнеріндегі мифтік қанатты аттар бейнесінің семантикасын дұрыс түсінуге көмек береді

Көшпенділердің бес қаруы сайма-сай салт атты шеріктері садақ ату, шоқпар сілтеу, найза салу, қылыштасу, ат үстінен аударып түсіру сынды әскери сайысқа ат үстінде машықтанып, ат құлағында ойнады. Қазақ үшін лауазым – шеннің, мансап-биліктің де биік шыңы – аттың үсті. Өмір бойы өнегелі ісімен үлгі болып, шау тартса да шалдықпаған, халқының қамын жеген ел ағасын ат үстінен түспеген жан дейді. Қазақта нәресте дүниеген келгенде ұл баланың кіндігін «ат құлағында ойнасын» деген тілекпен, аттың жалына байлап қоятын салт бар. Баланы бесікке саларда «Тақымынан тұлпар кетпесін, бәйге бермес шабандоз болсын» деген тілектер айтылады. Бала ес біліп, етек жия бастаған кезінен – ақ нағашылары жиендеріне баулып, үйірлі жылқының ішінен таңдап жүріп, тай мінгізеді. Ол жиеннің бәсіресі, бәсіре тай немесе «жиенқұрық» деп аталады. Көшпенділердің өмірінде сан қилы салттық – ғұрыптық дәстүрлер кездеседі. Атап айтсақ, атқа (ашамайға) мінгізу тойы, ашамайдан шығып үзеңгілі ерге міну, жайдақ тайға міну, бәйгеде тайға, құнанға, атқа мініп шабу, тоқымқағар, асау үйрету. Бұл дәстүрлер баланы азамат болып, атқа мініп, елін қорғауға қамдандыру мақсатын көздейді. Бұлардан басқа биебайлар(қымызмұрындық), сіргежияр сияқтысалт – дәстүрлер халқымызда көптеп саналады. Қазақта ат мінгізгенде я сатқанда ноқта – жүген бермейді. Малдың құты, бағы басында, жылқыны басына пайдаланған ноқта мен жүгенде де құттың демі бар, бұлар атпен қоса берілсе, үйдің байлығы, бағы еріп кетеді деп ырымдалды. Үйірілі жылқысынан бір мал бергенде сол жылқының жалынан бір тал қылды жұлып алып, ырыс бірге кетпесін деп қылға оның сілекейін жағып, қалтаға салып сақтап қояды. Бұл – «сілекей сірне» деп аталады. Қазақтар жылқыны ұрып соқпайды, себебі киесі атады деп ырымдайды. Сонымен желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпейді. «Бақан аттаған байымайды» деген сенім бар. Сүрінген атты ұрмайды. сайтан аттың көзін басып тұрса, қашып кетпесін деп, көзін оң қолымен сүртіп тазалайды. Жолаушы келе жатып, атының сауырынан ұрмайды. Жапанда жалғыз келе жатқан жолаушыны қолдап, жебейтін Қызыр пайғамбар аттың сауырында отырады деп жорылады. Айбынды атты әскерінің көмегімен қаһарлыелге айналып, Еуразия құрлығында үстемдікке қол жеткізген, сөйтіп адамзат өркениеті тарихында өшпес із қалдырған кейінгі ғұндар, Түркі қағанаты,

Шыңғыс хан Алтын Орда империясы тұсында да жылқы түлігі қатты қадірлеген.

Жылқыны қазақтар «мінген көлік, ішсең ас», «ер қанаты», «ер азаматтың жансерігі» деп бағаланған. Жылқыға қатысты қазақтың салт – ғұрыптары өз жүйелігі мен этномәдени, экологиялық икемділігімен дараланады және дәстүрлі мәдениеттің ілгері дамуында кейінгі ұрпаққа жалғастырудың тәсілі, әдеп пен нормалардың орындаудың тетігі болып табылады.

2.2. Халық ауыз шығармаларындағы жылқы бейнесінің рөлі

Жылқы қазақтың ұлттық сана-сезім, рухани болмыс, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен өнерінің тұтас бір айырылмас бөлігіне айналып кеткен. Жарынан кейінгі жақсы көретін жан серігі, қасиеті қанына сіңген – жануар. Қазақ баласы жылқы түлігін төресіндей көретіні сондай қазақ жылқы мінезді деп, өзінің мінез-құлық, бітім-болмыс, жан дүниесінің айқындаушысына айналдырып алған. Демек, қазақ үшін жылқы тектіліктің бірден бір нышаны болып саналады. Бұлай өзінің жаратылысына жылқыдан ұқсастық іздеу – тек қазаққа ғана тән қасиет әрі бұл – қазақтың осы түлікке деген аса жоғарғы құрметінің белгісі. Қазақ ат десе ішкен асын жерге қояды.

Көшпенділердің аңыз-ертегі, ақиық жыр, айтулы дастан, батырлық эпостарының басты кейіпкерінің бірі болып жылқы жырланып отырады. Ол елін, жерін жасанған жаудан қорғаған батырлардың астындағы аты ғана емес, сенімді серігі ретінде суреттеледі. Туған баласын түліктің төліне теңеу де көшпенділердің, әсіресе, қазаққа тән қасиет. Ата-ана баласын құлыным, құлыншағым деп құлпырта мекіреніп, оның томпаң қағып, зыр жүгірген жүрісін құлындай құлдыраңдады деп бейнеледі. Ал қазақ баласы болса құлын болып кісінеп, тай-құнан боп тулап, асау болып алысып, ат болып жарысып ойнап, тарпаң болып ер жетеді.

Көшпенділердің аңыз-ертегі, ақиық жыр, айтулы дастан, батырлық эпостарының басты кейіпкерінің бірі болып жылқы жырланып отырады. Ол елін, жерін жасанған жаудан қорғаған батырлардың астындағы аты ғана емес, сенімді серігі ретінде суреттеледі. Жылқының адам бойына күш, рух сыйлайтын ала-бөтен қасиеті бар. Ол – намыс, ол – ұлттық сана-сезім, ол – тектілік рухы еді. С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасына ұласады. Жылқы түлігінің тоз-тозын шығарып, атқанын атып, сатқанын сатып, жұртты жаппай жаяу қалдырғанын, ақын ашына астарлап жазды. Қапияда мерт болған Құлагердей сәйгүліктің қан жоса басын құшып отырып, адамзат баласында бұрын сонды болмаған құбылыс – Ақан Серінінің азалы зарын арқау ете отырып, дүлдүл ақын Іляс «Құлагердей» зарлы поэмасын өмірге әкелді. Талдықорған қаласында жығылып жатқан арғымақтың – Құлакердің аянышты халін бейнелейтін ескерткіш бар. Ақан Серінің Алашқа әйгілі болған Құлагерінің күңіренген тағдырын көз алдыңызға елестетіп, бас имей өтпейсіз бұл арадан. Жылқыға деген мұндай құрмет көшпенді басқа

жұрттарда да кездеседі. Моңғолияда «Арвай хэр» (Бидай кер) деген атағы шыққан аттың атында қала бой көтеріп, «Арвай хэрге» алып ескерткіш орнатқан. Ал батыс елдері әпсаналарында адам кеуделі, арғымақ кейпінде бейнеленген көшпенділер әулеті Азия төрінен аттанып, бүкіл әлемге атак даңқы жайылса осы аттың арқасы. Атты әскерлердің алмаған қамалы, жетпеген жері болмады. Аралық қашықтықтар «күндік жер», «айшылық жер» деп аттың жүрісімен есептелді. Осыдан кейін Қабдеш Жұмаділов «Сәйгүліктер» повестісін айтуға болады. Заманымыздың ілгергі Ү-ҮІІІ ғасырларына, түркі текті халықтардың түпкі төркіні болып келетін Көк түріктер дәуіріне мойын бұратын болсақ, ең әуелі әлемге әйгілі Орхон ешкеркіштеріндегі Тоныкөк, Күлтегін құлпы тастарынан көшірілген ойма жазуларға тоқтаймыз. Бар жоғы 42 жыл өмір сүрген Күлтегін бабамыз 16 жасынан бастап, қару-жарақ асынып, қолбастап, қағанатын қорғап бүкіл өмірін аттың жалында, жорық сапарда өткізеді. Сол бір кезеңдердегі қан майдан, сұрапыл соғыстарда теңдесі жоқ Күлтегін қолбасшының астына мінген сайгүліктері талай қырғынға Күлтегінмен бірге кіріп, жеңіске ортақ болған атақты Алып Шалшы мен Азман ақтардан «алты айлық жерді алты аттаған, бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан, суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын, жүрісте – көлік, жауда – серік өзіміздің әйгілі Тайбурыл, Байшұбарларды көргендей боламыз»[12.,14-бет]. Қазақ тұмысынан жылқымен жағаласып, жылқымен жарысып өскен. Жер жүзінде жылқының жасын, мінез-құлқын, түр-түсін, қадыр-қайетін, түп тұқиянын өзгеден артық білетін бір жұрт болса, ол – қазақ. Соның үшін де қазақ тілінде жылқыға байланысты, соның ішінде тек атқа байланысты «ер қанаты- ат; атың барда ел таны желіп жүріп; жылқының үсті – жел, сүті – ем; атты тағаласаң есек аяғын көтереді; тигізбейді қазанат қамшы, азамат жоғын білгізбейді; ат айналып қазығын табар; ат тұяғын тай басар; ат аунаған жерде түк қалар деген т.б. толып жатқан мақал-мәтелдер туса, «ат төбеліндей; ат бауырына түсіп; ат құлағында ойнау; атқа мінер; аттың жалында...қатарлы фазеологиялық тіркестер қалыптасты. Ат ән мен күйге арқау болды. «Маңмаңкер», «Ақ бақай», «Сал торы», «Қара жорға» сынды әндер, «Құлжагер», «Тел қоңыр», «Қос күрең», «Көк дөнен» сияқты күйлер өмірге келді. Қазақтың халық ауыз шығармаларында әсіресе ертегілерден оқыған қанатты аттар мен пырақтар жайында жоғарыда айтып кеттік. Қазақтардың ескі нанымы бойынша мұндай тұлпарлардың қолтығының астында көзге көрінбейтін қанаты болады-мыс. Сондықтан қазақтар тұлпар құлын туарда оның қолтығындағы нәзік қанаты сөгіліп, жыртылып кетеді деп, құлынды енесінің ішін жарып алу керек деп санаған. Қазақтың эпостық жырларында, батырлық ертегілерінде болашақ тұлпардың осылай туатыны айтылады. Кейін қанаты қатайып, бабына келген тұлпар биік аспанға ұшатын, құстан жүйрік, ұшқыр болып шығады. Мысалы, «Қобыланды батыр» эпосында қанатты тұлпар Тайбурылды осылайша енесінің ішін жарып алады. Қазақтар болашақ батыр туғанда оның тұлпары бірге туады деп сенген, яғни мифтік қаһарманға оның қанатты тұлпары аспан әлемінен арнайы түсіріледі деген сөз. Көшпелі халықтарда батырлар жерленгенде оның тұлпарын бірге жерлеу

де осы көне түсінікпен байланысқан салт, яғни аспан әлемінен келген тұлпарлар, батырлар өлгенде о дүниеге (аспан дүниесіне) батырмен бірге кетуі тиіс. Қазақтарда батыр өлгенде оның мініп жүрген атын тұлдап, кейін асына союы да осы ежелгі түсініктің қалдығы. «Пырақ» (арабша «Бурақ, аль-Бурақ) туралы да айта кетуіміз керек. «Пырақ» – Мұхаммед ғалайһиссаламның «Мирадж» түні жеті қат аспанға көтеріліп, Алланың тағының алдына барғанда және қасиетті Ирусалим қаласына сапар шеккенде мінген қасиетті қанатты жануары. Қанатты тұлпарлардың аспан әлемімен байланысы қазақтардың космогониялық мифтерінде де көрініс тапқанын айта кету керек. Қазақтардың мифтік аңыздары бойынша аспандағы жұлдыздар бейнесіндегі Темір қазыққа қанатты екі ат – Ақ боз ат, Көк боз ат байлаулы тұрады-мыс, оларды Жеті қаракшы ұрлап алу үшін сол Темір қазықты айналып жүреді екен [13.,55-59]. Жылқы өзінің ерекшелігімен көзге түсіп, мынадай бірнеше атауларын айтып кеткеніміз жөн. Тұлпар – ең жүйрік ат. Ат – үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы. Пырақ – қиял – ғажайып ертегілерінде кездесетін қанатты тұлпар. Арғымақ – сымбатты да жүрдек, асыл тұқымды жылқы. Дүлдүл – тұлпарға балама мағынадағы атау. Сәйгүлік – бәйге жылқысы. Дәстүрлі қазақ қоғамында жүйрік жылқы тек иесінің ғана емес, бүкіл рудың, аймақтық мәртебесін өсірген. Олар туралы әндер мен күйлер шығарылып, есімдерін халық жадында ұзақ сақталған. Мысалы, бүкіл Қазақстанға танымал Құлагер, Жетісуға мәлім болаған Көкбайтал, Оңтүстік Қазақстан мен Қырғызстанның біраз жерінде даңқы жеткен Қараат, Өр Алтай қазақтарының арасындағы Марғабылдың Қарақасқасын айтуға болады. Халыққа жақсы танымал «Қара жорға», «Бестай», «Бозжорға», Ақан серінің «Құлагері» мен «Манмаңгері», Біржанның «Телқоңыр», «Бурылтай», «Қаракекіл» әндері жылқыны әсептеуге арналған. Жылқы тұқымдарын асылдандырудың, сәйгүлік болар жылқыны тай күнінде ажырата білудің, ат баптаудың қыры мен сырын жетік білетін мамандарды халық арасында атбегілер немесе атбаздар деп атаған. Атақты Толыбай сыншыдан бастап, Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген Мақұлбек, Жетісулық Бақай сынды атбегілер туралы аңыздар әңгімелер халық арасында сақталып қалды.

Қорытынды

Адамзат өмірінде жылқының орны ерекше. Қазақ тұмысынан жылқымен жағаласып, жылқымен жарысып өскен. Жер жүзінде жылқының жасын, мінез-құлқын, түр-түсін, қадыр-қайетін, түп тұқиянын өзгеден артық білетін бір жұрт болса, ол – қазақ. Сондықтан да бүгінгі жас ұрпақтың келешегі кемел, туған елін жан-тәнімен сүйетін, жады мықты, жанары отты, рухы биік азамат болып ер жетуі үшін ұлттық тәлім-тәрбие беруде жеткіншектеріміздің жылқы түлігі туралы таным-түсінігін байыту бүгінгі күннің талабына сәйкеседі деп білеміз. Ежелден ат десе ішкен асын қоятын ат құлағында ойнап өскен көшпенді халықтарды былай қойғанда егін егңп, қала салған отырықшы жұрттың өзі де жылқыға мың да бір қарыздар. Қазақтың сән-салтанатының көркі де – жылқы. Жылқыны қолға үйрете бастау көшпелі шаруашылық пен өркениет дамуының негізін қалады. Ежелгі дәуірлерде – ақ қазіргі Қазақстан аумағы жылқының қолға үйретілген мекені болғандығын зерттеу нәтижелері дәлелдейді. Қола ғасырдағы малшыларда жылқыны құдірет тұту кеңінен тараған. Жоғарыда аталғандай, ерте Қазақстанның жылқы шаруашылықтың ірі орталығы болғандығы аталады. Археологиялық зерттеулер орталық Қазақстанда және оған көршілес аумақтарда жылқыға байланысты діни нанымдар сонау қолға үйретілген неолит пен энеолит дәуірлерінде қалыптасқандығын дәлелдейді. Археологиялық зерттеулер Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан сақтардың аса жарқын, байырғы мәдениетін ашуға мүмкіндік береді. Қола дәуіріндегі андронов мәдениеті қамтығын Орталық Қазақстан жерінде б.з.б YII – YI ғ. Тасмола мәдениетінде тасмолалықтар ғұрпына тән белгі жылқыға табыну болатын. Көптеген түркі халықтарында да жылқы бірінші орында. Түркі халықтарында да үндіеуропалықтар сияқты ерте дәуірлерден бері билеуші мен ақ жылқының байланысы туралы түсінік тараған. Осылайша, ақ жылқы түрік сұлтанының қасиетті мүлкі саналған. Жылқының адам бойына күш, рух сыйлайтын ала-бөтен қасиеті бар. Ол – намыс, ол – ұлттық сана-сезім, ол – тектілік рухы еді. Жылқы – мініс көлік, адамға серік, ауруға дауа болар шипа, қиял – ғажайып ертегіде ойдың басты кейіпкері, циркте өнер көрсететін өнерпаз жануар деп жоғары баға берер малдың патшасы. Ұлы Жібек жолының өмір сүруімен «әлемнің төрт патшалығы» деген ұғым пайда болды. Соның ішінде Византия – құнды байлықтар патшалығы, Қытай – адам патшалығы, Үндістан – пілдер патшалығы болса, Түрік қағанаты – жылқы патшалығы деп аталды зерттеушісі этнограф – тарихшы А.Левшиннің еңбегі ерекше атап көрсетуге болады. Қазақтардың салт – сансын, дінін, әдет – ғұрыпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп: «Бала күнінде ат құлағында ойнау қазақстың тұңғыш гимнастикалық жаттығуындай. Олар ат үстінде туып, ең асау, адуында аттың өзін де шебер ауыздықтайды» деп суреттеп баяндайды. Қазақтар жылқыны ұрып – соғу былай тұсын, киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпейді. Бақан аттаған байымайды, балта аттаған жарымайды деген сенім бар. Дәстүрлі қазақ қоғамында байлық мөлшері тек жылқымен өлшенген. Жылқысының саны 5000 – нан асатындар ғана бай санатына жатқызылған.

«Біздің асыл дүниеміз бір ғана жылқымыз» -деп жазады Мұхаммед Хайдар Дулати.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. I том А., 2006
2. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық I том
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Очерк. А., 2008
4. К.Р.Аманжолов Түркі халықтарының тарихы I том
5. Геродот. Тарих 9 кітаптан тұрады. Грек тілінен аударған Ф.Г.Мищенко М., 1888, 1 том
6. И.Бичурин “Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена”
7. Кумеков Б.Е Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. Алма-Ата, 1972
8. Байпаков К. Ежелгі Қазақстанның қалалары А., 2006
9. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии(памятники Арало –Каспийского региона) А., 2002
10. А.Левшин Қырғыз –қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы А., 1996
11. М.Ысқақов Халық календері А., 2005
12. Күлтегін. Көне түркі жазба ескерткіші.-Алматы: Жалын, 1986
13. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. (Архивные материалы и публикации). – Алматы: Наука, 1972.
14. М.Қарамендина \\ Қазақ тарихы. Үшкіл таңбаның мәні. №3 2006ж

Қосымша №1

Чистокровная верховая



Арабская



Донская



Ахалтекинская




Буденновская



Карабаирская




Қосымша №2



Қосымша №3




1



2




1



2



3



3



4

1-сурет



4



2-сурет



1

2



3

3-цъер